ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2026 жылғы 26 қаңтар Іс 2713-25-00-2/3315 Орал каласы

Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Хайруллина У.Е.
хатшылықта Алимбаев Б.
ашық сот отырысында талап қою бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП КОЮШЫ:
«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Ақжайық ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Джамакова» Джамакова Мөлдір Мадіхатқызы жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2) тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСУШЫЛАР:
прокурор Жылкибаев Т.
талап қоюшының өкілі Адилова С.А.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 16 қазанда тараптар арасында №306 құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарты (бұдан әрі-шарт) жасалған.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес, жауапкер келісім шартқа қол қойылғаннан кейін 15 күнтізбелік күн ішінде 889 997 теңгеге электр өлшеу жұмыстарын орындауды міндетіне алған, ал тапсырыс беруші көрсетілген қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

Шартты орындау мерзімі 2025 жылғы 6 қарашаға дейін деп белгіленген.

Талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және 22 249,75 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюмен сотқа жүгінді, онда жауапкер шартта көзделген міндеттемесін орындамағанын атап көрсеткен.

Жауапкерден талап қоюға қарсы пікір сотқа түскен жоқ.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюды қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер сот отырысына қатыспады, сот отырысының күні мен уақыты турасында тиісінше хабардар бола отыра, белгісіз себептермен келмеді және істі өзінің қатысуынсыз қарауды талап етпеді.

Сот, істі Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі-АПК) 196-бабына тараптардың қатысуынсыз қарауды мүмкін деп санайды.

Прокурор талап қою қанағаттандыруға жатады деген қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап қою бойынша

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 272-бабына (бұдан әрі-АК) сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

АК-нің 616-бабына сәйкес мердігерлік шарты бойынша бір тарап (мердігер) екінші тараптың (тапсырысшының) тапсырмасы бойынша белгілі бір жұмысты атқаруға және белгіленген мерзімде оның нәтижесін тапсырысшыға өткізуге міндеттенеді, ал тапсырысшы жұмыс нәтижесін қабылдап алуға және оған ақы төлеуге (жұмыстың бағасын төлеуге) міндеттенеді. Егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, жұмыс мердігердің тәуекелімен орындалады.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі-Заң) 8-бабының 4-бөлігінің 3)-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Шарттың 4.1-тармагына с2йкес, жауапкер өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Сотта, шарт орындалмағаны, сол себептен жауапкер тарапынан шарт талаптары бұзылғаны анықталды.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындалмау салдарынан талап қоюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалғанын ескере отырып, талап қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Құжатқа қол қойылған: Хайруллина У. Е., 02.02.2026

Заңды күшіне енген күні: 04.03.2026, судья Хайруллина У. Е., 05.03.2026

№2 талап қою бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес, тұрақсыздық (айыппұл, өсімақы) айыбы, борышкердің міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда несие берушіге заңмен немесе келісім-шартпен анықталған ақша сомасын төлеуге міндетті.

Шарттың 8.3. тармағына сәйкес, өнім беруші өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуі қажет деп көрсетілген.

Талапкердің ұсынған есебіне сәйкес тұрақсыздық айыбы 22 249,75 теңгені құрайды. Есеп дұрыс жасалған.

Сондықтан, міндеттемені бұзған жауапкерден мемлекет пайдасына 22 249,75 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына 2 831 теңге мемлекеттік баж өндіріліп алынады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою қанағаттандырылсын.

«Джамакова» Джамакова Мөлдір Мадіхатқызы жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Джамакова» Джамакова Мөлдір Мадіхатқызы жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 22 249,75 (жиырма екі мың екі жүз қырық тоғыз) теңге 75 тиын тұрақсыздық айыбы және 2 831 (екі мың сегіз жүз отыз бір) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Сот шешіміне апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты осы сот шешімі түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап, ал сот отырысына қатыспаған тұлғалар, оларға сот шешімінің көшірмесі жолданған күннен бастап бір айдың ішінде Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Батыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына берілуі мүмкін.

Судья **Хайруллина У.Е.**

Құжатқа қол қойылған: Хайруллина У. Е., 02.02.2026

Заңды күшіне енген күні: 04.03.2026, судья Хайруллина У. Е., 05.03.2026